

## Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойғал*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 1-НП нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 қыркүйекте № 7164 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 28.11.2015 № 11-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 141-бабының 23-1) тармақшасына, 145-бабының 4-2-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ереже осы нормативтік қаулыға 1-қосымшаға сай;

2) Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесінің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру ережесі осы нормативтік қаулыға 2-қосымшаға сай бекітілсін.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысы Е.Қ.Сыздықов бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы нормативтік қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*О. Өксікбаев*

Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитетінің  
2011 жылғы 12 тамыздағы  
№ 1-НП нормативтік қаулысына  
1-қосымша

## Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2012.12.12 № 2-НП (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысы.

----- облысы (қаласы)  
мәслихатының 2012 жылғы  
« \_\_\_ » № \_\_\_ шешімімен  
бекітілген

### « \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша тексеру комиссиясының мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.

#### 1. Жалпы ережелер

1. \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну арқылы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихатына (бұдан әрі – қала) тікелей есеп береді.

3. Тексеру комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Тексеру комиссиясы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазынашылық органдарында е с е п ш о т т а р ы б о л а д ы .

5. Тексеру комиссиясы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Тексеру комиссиясының егер Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Тексеру комиссиясы өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, егер мұндай шешімді қабылдау осы Ережемен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен Тексеру комиссиясы төрағасының құзыретіне жатқызылған болса, Тексеру комиссиясы төрағасының қаулылары немесе бұйрықтары түрінде шешім қабылдайды.

8. Тексеру комиссиясының құрылымын Тексеру комиссиясының төрағасы, төрт мүшесі және аппараты құрайды. Тексеру комиссиясының штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9. Тексеру комиссиясының заңды мекенжайы: (индексі, облысы, қаласы, көшесі, үйі).

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі.

11. Тексеру комиссиясының ережесін \_\_\_\_\_ облысының (қаласының) мәслихаты бекітеді.

12. Осы Ереже Тексеру комиссиясының құрылтай құжаты болып табылады.

13. Тексеру комиссиясының қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Тексеру комиссиясына кәсіпкерлік субъектілерімен Тексеру комиссиясының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Тексеру комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Тексеру комиссиясының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. Тексеру комиссиясының миссиясы әкімшілік-аумақтық бірлікте қаржы тәртібін нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

16. Тексеру комиссиясының негізгі міндеттері:

1) жергілікті бюджеттердің атқарылуына және мемлекет активтерінің пайдаланылуына жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылуы саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуын, сондай-ақ аумақтарды дамыту бағдарламаларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 11.02.2014 № 11-НҚ нормативтік қаулысымен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

17. Тексеру комиссиясының функциялары:

1) мыналарды:

жергілікті бюджеттің, оның ішінде Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің принциптеріне сәйкес атқарылуын; аумақтарды дамыту бағдарламаларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау;

2) мыналарды:

өз қызметінің бағыттары бойынша тиімділікті; бақылау объектілерінің есепке алу және есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын;

жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер, байланысты гранттар, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары, мемлекет активтері түрінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген қаражатты пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығының қамтамасыз етілуін, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңға (облыстық мәслихаттың шешіміне) сәйкес шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың көлемін бақылау;

3) жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік органдарға және мемлекеттік қаржылық бақылау объектілеріне жіберілген ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуын мониторингілеу мен бақылау;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыстың (қаланың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттарына осы Ереженің 4-тарауында белгіленген мерзімде жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы өзінің

мазмұны бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының тиісті есебіне қорытынды болып табылатын жылдық есепті ұсыну;

5) Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізу;

6) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сұратуы бойынша жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ақпарат ұсыну.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 11.02.2014 № 11-НҚ нормативтік қаулысымен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

18. Тексеру комиссиясының құқықтары мен міндеттері:  
Тексеру комиссиясы:

1) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне мемлекеттік бағдарламаларды бірлескен (қосарлас) бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) жергілікті бюджеттерге нысаналы трансферттер, кредиттер және қарыздар түрінде бөлінген республикалық бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүргізетін бақылау іс-шараларына қатысуға;

3) лауазымды адамдардың кінәсінен болған бұзушылықтар анықталған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдарға немесе оларды тағайындаған адамдарға осы лауазымды адамдардың атқарып отырған лауазымдарға сәйкестігі туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі орган жергілікті бюджеттің атқарылуы бөлігінде жүргізген бақылау нәтижелері бойынша қабылданған актілерді сұратуға;

5) мемлекеттік органдардан, мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінен, жеке және заңды тұлғалардан құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізуге байланысты мәселелер бойынша бақылауды жоспарлауға және жүргізуге қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуға және алуға;

6) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексінде көзделген өкілеттіктер шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыруға;

7) бақылауды жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын, сондай-ақ қажет болғанда жергілікті бюджеттен олардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлей отырып, аудиторлық ұйымдарды, сарапшыларды тартуға;

8) бақылау объектісінен құжаттандыру және сақтандыру мәселелерін

реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, бақылау қорытындысын растайтын тиісті материалдарды (дәлелдемелерді) кедергісіз а л у ғ а ;

9) бақылау объектілері лауазымды адамдарының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізуге байланысты мәселелер бойынша есептерін т ы ң д а у ғ а к ұ қ ы л ы .

Т е к с е р у к о м и с с и я с ы :

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін лауазымды адамдардың сақтамауының анықталған фактілері бойынша, сондай-ақ тиімділікті бақылау нәтижелері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихаттарына ұ сы н ы с т а р е н г і з у г е ;

2) бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайда, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беруге;

3) бақылау және талдамалық іс-шаралар барысында анықталған (анықталатын ) бұзушылықтарды болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға;

4) бақылау объектілеріне жүргізілген бұрынғы тексерулердің және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен ұсыныстары бойынша қабылданған шаралардың нәтижелерін талдауға және ішкі бақылау қызметтерінің қызметіне баға беруге міндетті.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

### **3. Тексеру комиссиясының қызметін ұйымдастыру және оның лауазымды адамдарының өкілеттіктері**

19. Тексеру комиссиясына басшылықты Тексеру комиссиясының төрағасы жүзеге асырады, ол Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

20. Тексеру комиссиясының төрағасын мәслихат хатшысының ұсынысы бойынша облыс (қала) мәслихаты бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды ж әне қ ы з м е т і н е н б о с а т а д ы .

21. Тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттіктері:

1) Тексеру комиссиясына жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның ж ұ м ы с ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

2) Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз

функцияларын жүзеге асыруына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының орындалуына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген жауаптылықта болады;

3) Тексеру комиссиясының жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын бекітеді;

4) Тексеру комиссиясының лауазымды адамдарының арасындағы міндеттерді бөледі;

5) Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарында, ұйымдарында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Тексеру комиссиясының атынан өкілдік етеді;

6) бекітілген штат саны және облыстық (қалалық) бюджетте көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

7) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына сәйкес Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңында белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

9) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Тексеру комиссиясының отырыстарында қабылданған қаулыларға және өзге де актілерге, сондай-ақ Тексеру комиссиясы мүшелерінің бақылау жүргізуге арналған тапсырмаларына қол қояды;

10) Тексеру комиссиясы қызметінің регламентін бекітеді;

11) Тексеру комиссиясының жылдық (тоқсандық) жұмыс жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын бақылау іс-шараларының жоспарларын бекітеді, бақылаудың кезеңділігі мен ұзақтығын айқындайды;

12) Тексеру комиссиясының мүшелеріне бақылау жүргізуге тапсырмалар береді;

13) Тексеру комиссиясының құзыреті шегінде бақылау іс-шараларын жүргізуге қатысатын Тексеру комиссиясы аппараты қызметкерлерінің тобын айқындайды;

14) Тексеру комиссиясы аппараты қызметкерлері қызметінің, олар жүргізген бақылаудың, оның ішінде мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес бақылау объектісінде бола отырып жүргізген бақылаудың жекелеген бағыттарының сапасына бақылау жүргізудің қажеттігін айқындайды;

15) жергілікті бюджеттердің атқарылуын және мемлекет активтерінің пайдаланылуын бақылау мәселелеріне қатысты құжаттамамен құпиялылық



режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз танысады;

16) бақылау объектілерінен бақылау іс-шараларын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өзі белгілеген мерзімде алады;

17) Тексеру комиссиясы мүшелерінің кандидатуралары бойынша оларды тағайындау, сондай-ақ қызметінен босату кезінде тиісті мәслихаттың қарауына ұсыныста енгізеді;

18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихатына аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсынуды Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

19) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыс (қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

20) Тексеру комиссиясы төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады;

21) өзі болмаған жағдайда, Тексеру комиссиясы төрағасының міндетін Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

22) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

22. Тексеру комиссиясының мүшелерін Тексеру комиссиясы төрағасының ұсынысы бойынша облыс (қала) мәслихаты бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

23. Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктері:

1) Тексеру комиссиясының бақылау, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық және өзге де қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайды, тексерілетін бақылау объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауы және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауы тиіс;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мәселелеріне қатысты құжаттамаға құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз қол жеткізе алады;

4) бақылау объектілерінен бақылау іс-шараларын жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өздері белгілеген мерзімдерде алады;



5) өз құзыреті шегінде өздері жетекшілік ететін қызмет бағыттарының мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдайды;

6) бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстардың көлемін айқындай отырып, өз құзыреті шегінде бақылау бағдарламаларын бекітеді, бақылау қызметін ұйымдастыру бойынша міндеттердің бөлінуіне сәйкес ұсынымдарға қол қояды;

7) Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлеріне бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес бақылау іс-шараларын жүргізуге тапсырмалар береді;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыс (қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

24. Өз өкілеттіктерін іске асыру үшін Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелері:

1) бақылау нәтижелері бойынша актілерді қабылдайды;

2) бақылау актілері негізінде бақылау нәтижелері туралы қорытындылар жасайды;

3) Тексеру комиссиясының қаулыларын қабылдайды;

4) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды адамдарға жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша жұмыстағы анықталған бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою туралы, құқық қорғау органдарына – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша қаулылар немесе ұсынымдар жолдайды.

25. Анықталған кемшіліктерді жою, мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарды жауаптылыққа тарту жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жіберілген Тексеру комиссиясының қаулылары мен ұсынымдары оларда белгілеген мерзімдерде немесе, егер мерзімі көрсетілмеген болса, оларды алған күннен бастап жиырма күн ішінде қаралуы тиіс.

Тиісті мемлекеттік орган және ұйым қаулы мен ұсыным бойынша қабылданған шешім туралы және оны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Тексеру комиссиясын дереу хабардар етеді.

26. Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне облыс (қала) мәслихатының хатшысы қол қоятын куәліктер беріледі.

27. Тексеру комиссиясы төрағасының немесе мүшесінің жұмыстан босату

туралы өтініші оның себебі көрсетіле отырып, облыстың (қаланың) мәслихатына беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Тексеру комиссиясы мүшесінің жұмыстан босату туралы өтініші Тексеру комиссиясының төрағасын алдын ала хабардар ете отырып беріледі. төрағасын алдын ала хабардар ете отырып беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Облыстың (қаланың) мәслихаты Тексеру комиссиясы төрағасының немесе мүшесінің өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген жағдайларда тоқтатады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Тексеру комиссиясының төрағасы немесе мүшесі лауазымына жоғары білімі және мемлекеттік басқару, экономика, қаржы, құқық саласында кемінде жеті жыл тәжірибесі бар Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

31. Тексеру комиссиясы төрағасының, мүшесінің қызметі олар осы қызметтен кеткен немесе осы қызметте болу мерзімі аяқталған күннен бастап екі ай ішінде ауыстырылады.

Тексеру комиссиясының төрағасы, мүшесі атқаратын қызметтерінде болу мерзімі аяқталғаннан кейін оларды ауыстырғанға дейін міндеттерін атқарушы ретінде өз қызметін жүзеге асыруды жалғастырады.

32. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33. Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларын, сапаны бақылауды, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық, құқықтық, консультативтік, ұйымдастырушылық және өзге де қызметті жүргізуін қамтамасыз етуді Тексеру комиссиясының аппараты жүзеге асырады, ол «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінен (бұдан әрі - аппарат қызметкерлері) тұрады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34. Аппарат қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы, сондай-ақ олардың мемлекеттік қызметті өткеру жағдайлары мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен, еңбек заңнамасымен, осы Ережемен айқындалады.

35. Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлері «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 25-2-бабының 5-тармағына сәйкес кейіннен сертификатталу арқылы біліктіліктерін арттырудан өтуге міндетті.

36. Тексеру комиссиясының қызметі тек қана Тексеру комиссиясының төрағасы бекітетін жылдық және тоқсандық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

37. Бекітілген жұмыс жоспарлары аппарат үшін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, сондай-ақ оның сұратуы бойынша бекітілген жоспарларға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер жіберіледі.

38. Сапаны бақылауды қоспағанда, Тексеру комиссиясының жылдық және тоқсандық жоспарлары бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

39. Бақылау қызметін жоспарлау мен жүргізу Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 145-бабының 4-3-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бекітетін тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

40. Облыстың (қаланың) Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларының жылдық жоспары әрі облыстық (қалалық) бюджеттен, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен қаржыландырылатын бақылау объектілерін, әрі жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есептеудің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыратын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бақылау объектілерін қамтуы тиіс.

41. Тексеру комиссиясы өзінің бақылау қызметін жүзеге асыру кезінде бақылау объектісінен тәуелсіз болады. Тексеру комиссиясының тәуелсіздігі:

1) Тексеру комиссиясының қызметіне мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың заңсыз араласуына жол бермеу;

2) мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша Тексеру комиссияларының қызметкерлерін Тексеру комиссиясының жұмыс жоспарларында көзделмеген тексерулерді жүргізуге тартуға жол бермеу;

3) өз қызметін жүзеге асыру үшін тиісті жағдайлар жасау;  
4) Тексеру комиссиясының қызметін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жеткілікті мөлшерде қаржыландыру жолымен қамтамасыз етіледі.

42. Мемлекеттік органдар Тексеру комиссиясының қаржылық қызметін бақылауды облыс (қала) мәслихатының келісімімен немесе тапсырмасы бойынша жүзеге асырады.

43. Бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Тексеру комиссиясына оның міндеттерін орындауда жәрдем көрсетеді, құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, өздері жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы ақпаратты оның сұратуы бойынша береді.

44. Тексеру комиссиясының шешімдерін қабылдау алқалы түрде отырыста жүзеге асырылады.

45. Тексеру комиссиясының отырысында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ұсынылатын ақпараттың және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихаттарына ұсынылатын есептердің құрылымы, мазмұны мақұлданады, бақылау іс-шараларының қорытындылары, жоспарлау, әдіснама мәселелері, алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелер қаралады.

46. Тексеру комиссиясының отырыстары ашық немесе жабық түрде өтеді. Тексеру комиссиясының шешімдері Тексеру комиссиясының отырысқа қатысушы құрамының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

47. Тексеру комиссиясының отырыстарын жүргізудің тәртібі, жұмысты ұйымдастыру мәселелері және жергілікті бюджеттердің атқарылуын және мемлекет активтерінің пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да мәселелер Тексеру комиссиясының регламентімен айқындалады.

#### **4. Тексеру комиссиясының есептілігі**

48. Тексеру комиссиясы жыл сайын есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп (бұдан әрі – жылдық есеп) жасайды.

49. Жылдық есеп:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыстық (қалалық) бюджетінің, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің негізгі параметрлерінің орындалуын;

2) жергілікті бюджеттердің түсімдері мен шығыстарын;

3) аумақтарды дамыту бағдарламаларының, оның ішінде өткен кезеңдегілерінің және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын;

4) жергілікті бюджет қаражатының, оның ішінде нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің, байланысты гранттардың, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарының, жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды қоса қаржыландырудың және мемлекет активтерінің пайдаланылуын;

5) бақылау объектілерінің есепке алу және есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын бағалауды қамтиды.

**Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 11.02.2014 № 11-НҚ нормативтік қаулысымен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

50. Жылдық есепте тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөнінде қорытынды беріледі, Тексеру комиссиясының есепті жылдағы қызметінің негізгі көрсеткіштері, анықталған қаржылық бұзушылықтардың құрылымы, сондай-ақ есепті жылы қаулылар мен ұсынымдардың орындалғаны туралы сандық деректер және олардың атқарылғаны туралы ақпарат көрсетіледі.

51. Тексеру комиссиясы мақұлдаған жылдық есеп ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыс (қала) мәслихатына, ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына қарауға және бекітуге жіберіледі. Жылдық есепті мәслихатқа ұсынуды Тексеру комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы төрағасының шешімі бойынша облыс (қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қоспағанда, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті мәслихатқа ұсыну Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктелуі мүмкін.

52. Жылдық есеп мәслихат бекіткеннен кейін «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңының талаптары сақтала отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

## **5. Тексеру комиссиясының мүлкі**

53. Тексеру комиссиясының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

54. Тексеру комиссиясының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

55. Тексеру комиссиясына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе,

Тексеру комиссиясының өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелігінен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

57. Тексеру комиссиясының төрағасын, мүшелерін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға көліктік қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату**

58. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясы туралы үлгі ережеге қосымша

**Тексеру комиссиясы аппаратының ұсынылатын құрылымы (аппарат басшысының және аппарат басшысы орынбасарының, сондай-ақ аудандардағы өкілдің лауазымдары көзделмеген)**

Қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2013 № 4-НП нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 1 - НП нормативтік қаулысына 2-қосымша

**Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесінің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі

есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты ең өзекті проблемаларды алқалы түрде талқылау жолымен жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай принциптері мен әдіснамасы негізінде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын қалыптастыруға және олардың өзара тиімді іс-қимыл жасауына, сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы, олардың жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық негіздерін, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын (бұдан әрі – Стандарттар) бірыңғай қолдануға жәрдемдесу, бюджетті атқару кезіндегі қаржылық тәртіпті бюджеттің барлық деңгейінде нығайту, Есеп комитеті мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының қызметін ұйымдастыруда айқындық пен объективтілікті қамтамасыз ету, бақылау жүргізу және оның нәтижелері бойынша объективті шешім қабылдау кезінде мемлекеттік басқару органдарының араласуын және ықпалын болдырмау, сондай-ақ жұртшылықтың мемлекеттік билікке деген сенімін нығайту болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері**

4. Кеңестің негізгі міндеттері:  
1) мыналар:

мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіру;  
сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізудің әдіснамалық негіздерін жетілдіру;

бақылау және талдау іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу кезінде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы тетігінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік қаржылық бақылаудың маңызды теориялық және практикалық мәселелері мен проблемалары бойынша қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру саласындағы идеялармен және тәжірибемен өзара алмасуға жүйелі сипат беру;

4) мынаған:

бірлескен және/немесе параллель бақылау және талдау іс-шараларын



ж ү р г і з у г е ;

сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жолымен кәсіби дағдыларын сақтауды қамтамасыз етуге; бақылау объектілері және басқа басқару органдары тарапынан заңсыз ықпалдардан бақылау органдары мен олардың қызметкерлерінің функционалдық және кәсіби қызметі мәселелерінде тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ жұмыс топтарын құруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

3) бақылаудың сапасын арттыру, мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы бірыңғай қолдану практикасын қалыптастыру үшін сыртқы қаржылық бақылау органдарынан бақылау актілерін, қорытындылар мен есептерді олардың қорытындысы бойынша сұратуға;

4) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

5) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына, Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталарына, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мәслихаттарына сыртқы қаржылық бақылау органдарының тәуелсіздігін бақылау объектілерінің шектеу фактілері туралы ақпарат (ұсыныстар) енгізуге;

6) мемлекеттік қаржылық бақылаудың өзекті теориялық және практикалық проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, мамандандырылған курстар, бірлескен зерттеулер ұйымдастыруға жәрдем к ө р с е т у г е ;

7) Кеңестің құрылу мақсатын іске асыруға бағытталған шараларды қабылдауға байланысты өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

6. Кеңес облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының төрағаларынан, Есеп комитетінің Төрағасы мен екі мүшесінен т ұ р а д ы .

7. Кеңестің құрамы тиісті жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей, Есеп комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

8. Кеңесті төраға – Есеп комитетінің Төрағасы басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды,

оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

9. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын ол тағайындаған Кеңес мүшелерінің бірі орындайды.

10. Кеңестің ағымдағы жылғы бірінші отырысында жұмыс жоспары, отырыстардың кезеңділігі, жауапты орындаушылар, Кеңес мүшелерінің Кеңес төрағасының атына енгізген ұсыныстары қаралады.

11. Есеп комитетінің аппараты (бұдан әрі – Жұмыс органы) Кеңестің жұмыс органы болып табылады. Кеңестің әрбір мүшесі тиісті кезеңнің 15 қаңтарынан кешіктірмей Жұмыс органына жауапты орындаушының кандидатурасын ұсынады, онымен Кеңестің алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін үйлестіру жүзеге асырылатын болады.

12. Жұмыс органы:

- 1) Кеңес отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Кеңестің шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді;

4) Кеңестің отырысына шығарылатын мәселелер бойынша алдын ала талдау жүргізеді және олар бойынша қорытынды дайындайды.

13. Жұмысты ұйымдастыруды, Кеңес отырысына тиісті құжаттар мен материалдарды дайындауды және хаттаманы ресімдеуді Кеңес хатшысы жүзеге асырады, оны Кеңес төрағасы жұмыс органы қызметкерлерінің ішінен тағайындайды.

Хатшы Кеңестің мүшесі болып табылмайды.

14. Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелердің тізбесі оның мүшелерінің ұсынысы бойынша не жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

15. Кеңес отырыстарының материалдары Кеңес мүшелеріне Кеңестің отырысына дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

16. Кеңес отырысы жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі және егер оларға оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда, төрағаның шақыруымен Кеңестің кезектен тыс отырысы өткізілуі мүмкін.

Кезектен тыс отырысты төраға өз бастамасы бойынша, ол болмаған жағдайда оны алмастырушы тұлға шақырады. Кезектен тыс отырысқа бастамашылық жасау Кеңес құрамының  $\frac{1}{2}$  қолдаған Кеңес мүшелерінің бастамасымен жүзеге асырылуы мүмкін.

17. Кеңес отырыстарының нәтижелері бойынша төраға қол қоятын хаттама жасалады. Кеңестің шешімі ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен қабылданады және егер оған Кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелерінің

жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

18. Кеңестің мүшелері ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол айтылған жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және Кеңес отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының аумағында көшпелі отырыстар өткізуге жол беріледі.

Көшпелі отырыстарды өткізу кезінде Жұмыс органына облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының тиісті аппараттарымен бірлесіп оларды ұйымдастыру жүктеледі.